

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

**"Менің балабақшам" технологиялық картасы**ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.04.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/35067/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Ортаңғы «Ақ ерке» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі****Өткізу күні:** 25.09.2017**Тәрбиеші:** Казбекова Б.Е**Білім беру саласы:** «Әлеумет»**Пән:** «Қоршаған орта»**Өтпелі тақырып:** «Менің балабақшам»**Тақырыбы:** «Менің балабақшам».

**Мақсаты:** Баланың өзі және өзінің топтағы жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Ересектерге көмектесуге ынталандыру.

**1.Тәрбиелік-**Тәрбиешінің үлгісі бойынша әңгіме құрастыру; сурет бойынша сұраттарға жауап бере алу.

**2.Дамытушылық** — Балалардың бір-біріне деген қамқорлығын арттыру.

**3.Оқыту-**сұрақ-жауап, әңгімелеу

**Педагогикалық технологиялар:** ойын түрінде

**Ресурстармен қамтамасыз ету:** Әр балаға арналған мазмұнды суреттер, жеке жұмыс жасау.

**Билингвалдық компонент:** Балабақша-детский сад, тәрбиеші-воспитатель.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

### 1. Ұйымдастырушылық кезеңі:

«Ізгі сөздер»

Бақшамызға барғанда,

Жолыққан бар жандарға,

«Қайырлы таң!»- деймін мен.

Күндіз де елді елеймін:

«Қайырлы күн!»- тілеймін.

Үйге кешке келемін,

Не дерімді білемін:

«Кеш жарық!»- деп кіремін.

Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын айтып, өлең мазмұнына қарай қимыл-әрекет орындайды.

**2. Негізгі бөлімі:** Тәрбиеші ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім - менің бірінші үйім, балабақша - екінші үйім» деген тақырыпта әңгіме жүргізеді.

— Балалар балабақша дегеніміз не? -Екінші үйіміз

— Балабақшада біз не істейміз? -Ойнаймыз, оқимыз

— Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба?- Иә

— Бұл үлкен үйімізде бізге кім қамқорлық көрсетеді, аялайды? -Апайлар

— Балабақшада сендер үшін қаншама адам жұмыс істейді?

— Қане, олар кімдер және не істейді екен?-апай, аспазшы, дәрігер, т.б.

Жүректен жүрекке шеңбері. Алдын ала берілген өлеңді жатқа айту.

Жүректен жүрекке шеңбері.

Жақсылыққа құмармыз,

Жақсы адам боп шығармыз.

Бізді жақтап отырған,

Сендерге де мың алғыс!

Балабақша туралы әңгімелеу.

Тазалықшы – екінші үйімізде өз үйіміздей жылы, таза болсын деп бөлmemізді жуып, тазалайды.

Аспазшы — біз үшін дәмді тамақ әзірлейді.

Дәрігер – сендердің дендеріңнің сау болуын қадағалайды.

Кір жуушы – біздің сүлгілерімізді жуып береді.

Тәрбиеші апайлар – сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді.

Тәрбиеші: Ал осымен сабағымыз аяқталды.

Сау болыңыздар!

Сау болыңыз!

**3.Қорытынды:**Тәрбиеші балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды. Балалар немен айналысқандары, не білгендері, не үйренгендері жайлы әңгімелеп айтады.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.